



17 тамыз, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz



www.facebook.com/syrboiy.kz/



www.instagram.com/syrboiy_kz



https://twitter.com/syrboiy



t.me/syrboiy_kz

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ӨНІР ҚҰРЫЛЫСТА ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2023 жылғы қаңтар-шілде айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары, республикалық бюджеттің атқарылуы, жаңа оқу жылына дайындық мәселелері қаралды.

ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың айтуынша, 7 ай ішінде ең жоғары өсім көрсеткен салалар – құрылыс, сауда, ақпарат және байланыс. Оның ішінде құрылыс жұмыстарының көлемі бойынша Қызылорда облысында қарқын жоғары.

– Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 12,2 пайызға ұлғайды. 17 өңірде өсім тіркелді. Әсіресе құрылыс-монтаждау жұмыстарының өсімі Жетісу, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Абай облыстарында байқалды, – деді министр.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Премьер-министр берген тапсырмаларды пысықтау мақсатында жиын өткізді. Аймақ басшысы жаңа оқу жылына дайындық мәселесіне тоқталды. – Біз барлық шараларды қабылдап, жаңа оқу жылына ұйымдастыру-дайындық жұмыстарын жүйелі жүргізіміз керек. Бұл тек білім басқармасының ғана жұмысы емес. Қала, аудан әкімдері де жұмысқа жұмылуы керек.

Оқу процесі ешкелергісіз басталуы тиіс! Білім беру ұйымдары қажетті құрылғылармен, құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілуі міндетті.

Көмекке мұқтаж отбасылардың балаларына барлық қолдау шараларын жүзеге асырыңыздар. «Мектепке жол» дәстүрлі республикалық акциясына жергілікті кәсіпкерлерді тарта отырып, ұйымдастыру керек. Акцияның мақсаты – балаларды тек оқу құралдарымен қамтамасыз ету емес, сабаққа бармай қалған балаларды анықтау. Оларға нақты көмек көрсетілуі тиіс, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Облыс әкімінің аппараты қаладағы бірқатар мектептердің дайындығына инспекторлық бақылау жүргізгенде, бірқатарында әлі де жұмыс толығымен аяқталмағанын анықтаған. Сондықтан қала және аудан әкімдері барлық мектептерге осылай бақылау жүргізіп, дайындығын жеке қадағалауға алуы керек. Сонымен қатар мектептер жылу беру маусымына толық дайын болуы қажет. Облыстық басқармалармен қала, аудан әкімдері жоспарланған қаражатты толық, сапалы және уақытылы игеру үшін тауар жеткізушілермен, мердігерлермен тиісті жұмыстарды барынша пысықтағаны абзал.

Жиын қорытындысында жауапты басшыларға осы мәселелер бойынша тапсырма жүктелді.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ӨНІРДІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «China national machinery industry corporation (Sinomach)» компаниясының Қазақстан Республикасындағы Бас өкілі Ли Цзинвэй мырзамен кездесіп, Қызылордада кальцийленген сода зауытын салу мәселесін талқылады.

Аймақ басшысы өңірдегі шыны зауытының негізгі өндірістік компоненттерінің бірі – кальцийленген содаға жылдық сұраныс 36 мың тонна екенін айтып, аталған өндірісті Сыр өңірінде құруды ұсынды. – Біз қытайлық тараппен

өзара байланысты арттыруға бағытталған перспективалы жобаларды іске асыруға ниеттіміз. Сіздерге өңірдегі инвестиция қажет ететін 72 жобаның тізімін ұсынамыз.

2-бет

САПАР

САПА мен УАҚЫТ ҚАТАҢ СҰРАЛАДЫ



Суреттері түсірген Б.ЕСЖАНОВ

Сейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шиелі ауданына жұмыс сапарымен барып, бірқатар әлеуметтік нысандар құрылысымен танысты.

Алдымен «Талаптан» ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылыс алаңына барды. Құрылысты «Бақ-Береке 2030» ЖШС жүргізеді. Емдеу мекемесінде 19 қызметкер еңбек етеді.

Биыл республикалық бюджеттен ауданның 3 елді мекеніне дәрігерлік амбулатория салуға 1,3 млрд теңге бөлінген. Осылайша Бала би, Бұланбай бауы, Досбол би

елді мекендерінде жаңа амбулатория құрылысы бастау алды.

Шиелі кентіндегі спорт-сауықтыру кешені жақын күндері пайдалануға берілмек. Нысанның келісім-шарт құны 524 млн теңге, бас мердігер «Промстройсервис» ЖШС.

Осында болған облыс әкімі «Жанатұрмыс» ауылдық округіндегі №207 орта мектептің де

құрылыс жұмыстарын көрді. Бас мердігер «Авангард ППС» ЖШС 250 орындық мектеп құрылысын биыл қараша айында аяқтап, халық игілігіне табыстайды.

Еске салсақ, Шиелі ауданында Мемлекет басшысының қолдауымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 900 орындық білім ордасын салу жоспарланған. Мұнан бөлек, алдағы жылы Жансейіт елді мекенінде 100 орындық мектеп құрылысы басталады.

2-бет



НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

БЕЙБАРЫСТЫҢ БОЙЫ ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНІП КЕЛЕДІ

Қазір қалаішілік жолдар жаңартылып жатыр. Көргеннің көзі тояттап, көңілі көншиді. Соның бірі – Бейбарыс сұлтан көшесі. Әсіресе, жаңартылып жатқан жол бойындағы магистральдік жылу желілерін реконструкциялау жұмыстары тұрғындарды қуанытып отыр.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»



Суреттері түсірген Н.Нұржаубай



лады. Одан соң арнайы техникамен тапталып, қауіпсіздігі сақталады. Құбырлардың жарамдылығы кемінде елу жыл. Сапасы жақсы, сонан да біздің топыраққа төзімді екені анықталып отыр. Қазір жүзге жуық жұмысшы еңбек етуде. 40 техника тартылған. Жұмысшылар жалақысы 300-500 мың теңге аралығында, – дейді учаске бастығы Марат Ысмағұлов.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы мамандарының мәліметіне сүйенсек, облыс бойынша жалпы жылу желілерінің ұзындығы 208 шақырымды құрайды. Биыл жылу желілеріне техникалық тексеру жүргізіліп, желілердің тозуы 47,5 пайызды құрайтыны анықталған. Нәтижесінде осы жылы 8,9 шақырым жылу желілерін жаңғыртуға республикалық бюджеттен 8 жобаға 8,2 млрд теңге бөлінсе, оның ішінде 6 жоба нысаналы трансфертпен (7,3 млрд теңге), 2 жоба бюджеттік несие есебінен (922 млн теңге) жүзеге асады.

Жылу желісінің ұзындығы 2,6 шақырымды құрайды. Мердігер – «Мелиоратор» ЖШС басшылығының айтуынша, жөндеу жұмыстары қазан айына дейін толық аяқталады. – Дәл қазір жұмыстың ортасына келді. Жұмысшылар өздеріне жүктелген жауапкершілікті түсінеді. Уақытпен санаспай қарқынды іске көшті. Құбырлар Ресейден әкелінуде. Басқа да қажетті тауарлар өз елімізден шығады. Жер астына екі метр тереңдікке салынатын жылу желісінің астына бетон құйылып, айналасы топырақпен толық жабы-

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

СТУДЕНТТЕР СЕРГЕЛДЕНГЕ ТҮСПЕЙ МЕ?

Жаңа оқу жылы жақын. Енді студенттердің қалаға ағыла бастайтыны белгілі. Елімізде жылда қайталанатын құбылыс бар, студенттерге жатақханадан орын жетпей жатады. Содан соң үлкен өмірге қадам басқан жастар пәтер жалдауға мәжбүр болмақ. Мұндайда пәтер жалдау ақысы да күрт шарықтап кетері анық жайт. Көпшілікті оқу орындарының әзірлігі толғандырады. Біз осы тұста өңіріміздегі жағдайды бағамдап көрдік.

Мадияр ТӨЛЕУ,
«Сыр бойы»

ЖАТАҚХАНА ЖАЙ МӘСЕЛЕ ЕМЕС

Жалпы бұл тақырыпты өріден қаузасақ болады. Жатақхана жайы билік үшін күн төртбінен түскен емес. 2020 жылы мамырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы 5 жылдың ішінде кемінде 90 мың орындық қамтитын жатақхана салынуы тиіс екенін айтқан болатын. Сондықтан мәселені назарға алуымыз бекер емес. Бір қызығы, аталған істе Үкімет белсенді бола алмады.

4-бет



САПА мен УАҚЫТ ҚАТАҢ СҰРАЛАДЫ



ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Шиелі кентіндегі Ы.Жақаев көшесін күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Аймақ басшысы жол құрылысын да назардан тыс қалдырған жоқ.

Кентте Әл Фараби, Досбол да-қа, Дәулеткерей, А.Байтұрсыннов, Ы.Жақаев, Абылай хан, Бұдабай, С.Сейфуллин, Шөкәрім көшелері күрделі жөндеуден өтуде. Олардың жобалық құны 1 млрд 560 млн теңгені құрайды. Мемлекеттің сатып алу конкурсынан «Қызылорда жолдары» ЖШС жеңімпаз атанған. Бұл жұмыстар келесі жылға өтпелі. Биылға бөлінген қаражат 300 млн теңге. Осы жылы аудан орталығындағы 11,5 шақырым болатын 9 көше күрделі жөнделеді. Оған қоса 23 шақырымдық 59 көше мен тұйықтарға орташа жөндеу жұмыстары бар.

мыстарымен де танысты. Сапар барысында әрбір құрылыстың сапалы жүргізіліп, мерзімінде аяқтау қажеттігін тиісті мамандар мен мердігерлерге қатаң ескертті.

КИЕЛІ ОРЫНДАР ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Облыс әкімі Шиелі ауданына жұмыс сапары кезінде «Оқшы ата» кесенесінде болды. Мұнда кесенені жөндеу, жаңғырту және абаттандыру жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

«Оқшы ата» кесенесі «Бәйгеқұм» ауылынан шығысқа қарай 5 шақырым жерде орналасқан. Республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш-кешен. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында «Жалпыұлттық қасиетті



Айта кетейік, Шиелі ауданының аумағында 323,4 шақырым автомобиль жолдары бар. Аудандық маңызы бар 145,4 шақырым жолдың 103,4 шақырымы (71,1%) жақсы және қанағаттанарлық жағдайда. Республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдары 100 пайыз асфальтталған. Биыл республикалық бюджеттен «Самара – Шымкент – Сұлутөбе» кіреберісін күрделі жөндеуге 265 млн теңге бөлініп, жөндеу жұмысы жүргізілуде. Облыстық бюджеттен Шиелі кентіндегі 19,8 шақырым болатын 49 көшені орташа жөндеуге 564 млн теңге бөлінген.

Облыс әкімі Көкшоқы спорт кешеніндегі күрделі жөндеу жұ-

нысандар» тізіміне енген. Мазаратты халық «Жеті әулие» деп атайды.

Аймақ басшысы кесенені қалпына келтіру жұмыстарын сапалы жүргізуді тапсырды.

Айта кетейік, бұған дейін облыс әкімі Жаңақорған, Қармақшы аудандарына жұмыс сапары кезінде қасиетті орындар – «Қорқыт ата» ескерткіш-кешеніне, «Хорасан ата», «Оқшы ата» және «Марал баба» кесенелеріне қайта жаңғырту, айналасын абаттандыру жұмыстарын жүргізуді пысықтап, киелі орындардың жай-күйін көрген болатын. Бұл облыстың 85 жылдығына арналған игі істің бір парасы саналады.



ӨҢІРДІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Әлеуетті индустриялық жобаларды орналастыру үшін облыста инженерлік инфрақұрылым жүргізілген индустриялық аймақтар құрылған (су, газ, электрмен жабдықтау, көріз, авто және теміржол және т.б.) және 324 гектар бос жер учаскелері, бірқатар дайын өндірістік объектілер бар. ҚР Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитетімен жасалатын келісім-шарт шеңберінде инвестициялық преференциялар, яғни заттай грант, кендік баждардан, қосылған күн салығынан босату, салықтық преференциялар көзделген. Мемлекет тарапынан отандық өнімдерді сыртқы нарыққа шығару үшін кәсіпорындарға жан-жақты сервистік қолдау, жол шығындарын 80%-ға дейін өтеу қарастырылған, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Өз кезегінде Ли Цзинвэй мырза Сыр өңірінде жаңа инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыруға ниет білдірді.

Айта кетейік, Sinomach компаниясының негізгі активтері «УТО Group» ауыл

шаруашылығы және құрылыс техникасын өндіруші, «China Hi-Tech Group Corporation» тоқыма жабдықтаушы мен талшықтарын өндіруші және «China Machinery Engineering Corporation» құрылыс компанияларына тиесілі. Сондай-ақ, компанияның құрамына Қытай ауыл шаруашылығын механикаландыру академиясы, 27 еншілес компания мен акциялары қор биржаларында тізімделген 13 компания кіреді. Елімізде Жамбыл облысында филиалы бар.

Еске салсақ, қазір Қызылорда облысы инвестиция тарту және әлемнің озық тәжірибелерін игеру мақсатында жан-жақты әріптестік орнатуда. Өткен айда Қытай Халық Республикасына жұмыс сапары кезінде облыс әкімі мамандарды тегін оқыту бойынша меморандумға қол қойды. Мұнан бөлек, мамыр айында облыс делегациясы Корея Республикасының Сеул, Тоджон қалаларына және Чоллабук-до провинциясына барды. Осы сапарда Кореяның жетекші жоғары оқу орындарының президенттері және өңір басшыларымен екіжақты ынтымақтастықты дамыту туралы меморандумдар жасалды.

1-бет

БРИФИНГ

СЫРДАҒЫ СЕРПІНДІ ІСТЕР



Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов, облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов және Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шаменов БАҚ өкілдеріне арнайы баспасөз конференциясын өткізіп, Сыр өңіріндегі серпінді бастамаларды баяндады. Сондай-ақ Қызылорда облысының 85 жылдық мерейтойына орай өңірде өткізілетін шараларға тоқталды.

– Сыр топырағының қойнына бүккен қазына-жауһарларына ерекше мән беру, оларды халық арасында кеңінен насихаттау, өскелең ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеуге және Тәуелсіздіктің құндылығын ұғындыруға ықпал етеді. Осы ретте, тамыз айының аяғы мен қыркүйек, қазан айлары мерейлі әрі саяси оқиғаларға толы екенін ескере отырып, сіздер арқылы барша облыс халқына Үндеу тастағым келеді. Отанға деген сүйіспеншілік – жиындарда ұран тастау немесе ән шырау емес. Отаншылдық бұл – шынайы патриоттық сезім. Барлық азаматымыздың бойында жауапкершілік болса ғана ісіміз оңға басады. Тамырын тереңнен тартып, руханиятымен тау тұрғызған Сыр жұртшылығы жарқын болашақ жолына тура тандау жасап, ауызбіршіліктің үлгісін көрсететініне сенімдімін. Жалпы, алдағы қоғамдық маңызды шаралар азаматтардың жағымды көңілуін қалыптастыруға, тұрақтылықты, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға ықпал етеді. Алдағы уақытта облыс әкімінің бастамасымен аймағмыздың 7 ауданында музей, кітапхана, архив, неке кино залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтары сынды бірқатар тарихи-мәдени, рухани ұйымдарды біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият» орталықтары салынады, – деді облыстық

мәслихат төрағасы. – Облыстың 85 жылдық мерейтойы аясында көптеген игі шаралар ұйымдастырылады. Бұл – Сыр маржанына орақ түсіп, қамба астыққа толып, шаруа адамы ілтипатқа бөленетін кезең. Дәстүрге айналған Қызылорда қаласы күнімен ұштастырып өткізілетін мерекелік шаралар кезінде облысымыздың айтулы мерейтойына ерекше мән берілетіні анық. Негізгі шараларға тоқталып өтсем, жыр кештері, кітап көрмелері, Қызылорда туралы әндер шырақалатын ретро концерт, халықаралық фольклорлық-музыкалық өнер фестивалі, республикалық ақындар айтысы, бірқатар мемлекет және қоғам қайраткерлерінің өмірі мен қызметіне арналған танымдық конференциялар ұйымдастырылады. Сонымен қатар, аймақтың қоғамдық-саяси дамуы мен тарихи оқиғаларынан сыр шертетін республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізу жоспарлануда. Облыстың 85 жылдық тарихын кеңінен айшықтайтын «Қызылорда облысы: тарих, бүгін, болашақ» тақырыбында арнайы деректі фильм түсіру болға алынды. Мазмұнды кітап және аймақтың көрікті жерлері бейнеленген фотокітап та әзірленуде. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Алтын дән – 2023» мерекесінде ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері, бәйге

ұйымдастырылып, бұл күн салтанатты шарамен қорытындыланады. 25 қазан – Республика күніне орай тақырыптық конференциялар мен салтанатты жиындар, 15 қараша – Ұлттық валюта теңгенің 30 жылдығына мерекелік шаралар ұйымдастырылмақ, – деді облыс әкімі аппаратының басшысы.

– Биыл Қызылорда қаласына – 205 жыл. Бұл мерекеде Қызылорданың қалыптасу тарихының әр кезеңі жеке-жеке баяндалады. Тәуелсіздік жылдарындағы Сыр өңірінің қарқынды дамуына шолу жасалады. Осы жылдар ішінде Қала күні барша қызылордалықтар асға күтетін мерекелердің біріне айналды. Қала күні мерекелеуге байланысты іс-шаралар жоспары бекітілді. Сәйкесінше, осы жылдың қыркүйек айының басы мен қазан айының екінші онкүндігіне дейін арнайы бекітілген жоспар бойынша шаһар тұрғындары мен қонақтарына мерекелік көңіл-күй сыйлайтын түрлі деңгейдегі мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастыру жоспарлануда. Нақтырақ айтқанда, қалалық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен түрлі деңгейдегі шаралар және дәстүрлі «Жастар карнавалы» шеруі өткізіліп, жайдарманшылардың республикалық фестиваліне ұласады. Қала күніне арналған мерекелік шаралардың салтанатты ашылуы Орталық алаңда өткізіледі деп күтілуде. Одан кейін облысқа қарасты 7 аудан ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін, кеші уақытта мерекелік концерттік бағдарламаларын ұсынады, – деді Қызылорда қаласының әкімі.

«СБ» ақпарат

ЕКІ УНИВЕРСИТЕТТІҢ БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАРЫ

Кездесу барысында университеттердің екіжақты келісім-шарты негізінде «Kazakhstan – Republic of Korea joint Laboratory for E³ convergence technology & Carbon Neutral Support» казак-корей бірлескен ғылыми-зерттеу зертханасының ресми ашылуы болды.

Қонақтар «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертханамен, ҚР



еңбек сіңірген гидротехнигі М.Нәлібаев атындағы су шаруашылығы музейімен танысты. Сонымен қатар Корей халқының ұлттық қаһарманы Хон Бом До мемориалына барып, тағзым етті.

Айта кету керек, мамыр айында облыс делегациясы Оңтүстік Кореяның бірқатар жетекші ЖОО-ларында, сонғы қатарында Шинхан университетінде болып, кездесу нәтижесінде өзара ынтымақтастық келісімге келген еді. Кері байланыс ретінде 5 шілдеде Шинхан университетінің президенті Кан Сон Чжон (Kang Seong Jong) бастаған арнайы делегация Қорқыт ата университетінде болды. Зерттеу және білім беру саласындағы бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлеу, білім, тәжірибе және басқа да ақпарат алмасу мақсатында екіжақты меморандумға қол қойылған.

«СБ» ақпарат

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЙ САЛАДА ЖИІ БҰЗЫЛАДЫ?

Биылғы 7 айда тұтынушылар құқықтарының бұзылуы бойынша 199 өтініш түскен. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 7,6 пайызға артық. Жүргізілген талдау нәтижесінде арыз-шағымның басым бөлігі бөлшек сауда саласы бойынша келетіні анықталған. Аталған өтініштерді заңға сәйкес қарау қорытындысымен тұтынушыларға барлығы 3,1 млн теңгенің қаражаты қайтарылды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс бойынша сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Ерқасым Сүлейменов айтты.

– Экономиканың барлық салаларында тұтынушылар мен бизнес субъектілерінің құқықтары, міндеттері туралы ақпараттандыру мақсатында «дөңгелек үстелдер», дәрістер, се-



минарлар өткізіліп отырады. Алдағы уақытта да аталған жұмыстар жалғасын табады. Сонымен қатар, тұтынушылар құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы әзірленіп, Мәжіліс қарауына жол-

данды. Аталған заң жобасына сәйкес тұтынушылар құқықтарын қорғау жөніндегі Омбудсмен институтын енгізу ұсынылады. Омбудсмен мәртебесі Қазақстан тұтынушыларының құқықтарын қорғау саласындағы жүйелі проблемаларды мемлекеттік биліктің жоғары деңгейіне шығаруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта тұтынушылар шағымдарын қарау мен шешудің үш сатылы жүйесі енгізілді. Осыған сәйкес соттар мемлекеттік органдарға жүгіну кезеңін сақтауды талап етеді. Сондықтан азаматтың сот арқылы қорғалуына конституциялық құқықтарының сақталуын ескере отырып, іс-шаралар реттілігінің тетігін қайта қарап, екі сатылы жүйеге көшу көзделуде. Атап айтқанда, тұтынушылық дауларды сотқа дейін реттеу субъектілеріне медиация және төрелік институттары, тұтынушылардың құқықтарын қорғау бірлестіктері, өзін-өзі реттейтін ұйымдар жатқызылған. Департамент өз құзыретінде әрбір тұтынушы мәселесін заң аясында шешілуге ықпал етпек, – деді департамент басшысы.

1-бет

ОБЛЫСТЫҚ СОТТЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 85 ЖЫЛ

Биыл Қызылорда облысының құрылғанына 85 жыл. Қарап отырсақ, осы уақыт ішінде әр жылдың өз көтерген жүгі жетерлік.

1938 жылы 15 қаңтардағы арнайы қаулымен облыс құрылды, дәл сол жылы 4 наурызда облыстық сот құрылды. Әрине, оған дейін аймақта ҚазАКСР халықтық әділет комиссариатына бағынышты округтік сот жұмыс істеді. Мұның құрамына Қызылорда, Қазалы, Арал қалалық және 140 елді мекенді қамтыған Қызылорда, Шиелі, Қараөзек, Қазалы, Қармақшы, Қарсақпай, Аламеке аудандарының соты қарады. Демек, облыстық соттың жаңа тарихи кезеңі жоғарыда айтқанымыздай, Қызылорданың облыс ретінде құрылуымен тығыз байланысты.



Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

ЗАҢ мен ӘДІЛДІКТІҢ үстемдігі қымбат

Амангелді Әнуарбеков – сот саласының ардагері. Ширек ғасырдан астам ғұмырын осы салаға арнады. Қоғамда әділдікті ту еткен аға буын өкілінің жасы бүгінде жетпістің бөсеуінде.

– Менің туған жерім – таулы өлке. 1948 жылы Тарбағатайда туым. Тарбағатайды білесің, Шығыс Қазақстан облысына қарайды. Жұрт әлі таңғалады. Өйткені, сонау табиғаты әсем, тау бұлағы сылдырап, суы да, нуы да мол, орманды өлкеден құмды әрі ыстық Сыр бойында тұрақтап қалуым бәріне қызық қой. Бірақ жастық шағым өткен, әсіресе, алғаш еңбек жолын бастаған жерім – киелі де қасиетті Қызылорда. Осында жүріп, талай дос таптым, жар сүйдім, балалы болдым. Сот саласындағы, заң жүйесіндегі қызметімнің қызығы да, шығығы да өтті. Ең бастысы, Сыр бойында жүріп өз несібемді тапқан жанмын. Маған бұл топырақ сонысымен ыстық, – деп бастаған еді өңіріміз Амангелді аға.

Бүгінгі мамандардың енес, біздің кейіпкер ең бірінші ембек жолын жұмысымыз болып бастаған. Арасында әскер қатарына алынып, Отан алдындағы борышын да өтеді. Сөйтіп оқуға кеш түсті. Құрылыста жұмыс істеп, әбден ысылған әрі спортқа жақын жігіт арнайы дайындық курсынан кейін 1973 жылы Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп, 1978 жылы ондағы заң факультетін бітіреді. Қазіргі ардагер судья сол жылы жолдамамен Сыр өңіріне келіп, облыстық әділет басқармасына табын тірейді. Аға кеңесші лауазымына тағайындалады.

Ал 1986 жылы сот саласына ауысып, бір жыл қалалық сотта, одан соң 1998 жылға дейін Сырдария аудандық сотының судьясы һәм төрағасы қызметін атқарды. 1998-2001 жылдары Тасбөгет аумақтық сотының аға судьясы, 2001 жылы қалалық №2 сотының төраға міндетін атқарушы болды. Ал 2002 жылдан бастап облыстық соттың судьясы болған Амангелді Әнуарбеков бойындағы бар қабілет-қарым мен тәжірибені әділдік дейтін қасиетті ұғымның жоғары болуына жұмсады.

– Мына бір оқиға әлі жа-

дымда, – дейді ардагер өңгіме үсті. – Алғаш сот саласында қызмет бастаған уақытта бір қылмыстық істі қарадым. Қарап қана қоймай, оған ақтау үкімін шығарғанмын. Неге? Басынан айтайын, ұлты орыс жігіт қағаз-картон зауытында дәнекерлеуші болып жұмыс істейді екен. Бірде сол зауыттан алапайт өрт шығып, мемлекетке ірі мөлшерде шығын келеді. Өртке кінәлі деп әлгі дәнекерлеуші жігітті айыптайды. Ал шын мәнісінде сол уақыттағы басшылар тарапынан келген залалды бір адамға жабу көзделген. Бұл істі жан-жақты қарап, себебін анықтауға сараптама тағайындадық. Арнайы мамандар кеңесіне жүгініп, ақыр соңы жігіттің оған түк те қатысы жоғы дәлелденді. Сот сонында ақтау үкімін оқып тұрғанында дәнекерлеуші жігіт тізесін бүгіп, солқылдап жылап қоя бергені. «Біттім» деп ойлаған ғой. Оның жыл тау тұрғанын көріп, тағы да бұл істің заңды екеніне көзім жетті. Бірақ, ол кездері ақтау үкімін шығару ерекше жағдай болып есептеліп, судьяның жеке жауапкершілігі назарға алынатын. Өкініштісі, ол үкім кейіннен бұзылып, қайта тергеуге жіберілгені бар. Ақыр соңы қысқартылып тынды. Мен де бұл шығарған үкіміме қатысты ескерту алдым. Бірақ өкінібемді. Өйткені, ол бірден-бір дұрыс шешім еді.

Амангелді аға бастан өткерген мұндай мысал көп. Оның айтуынша, кез келген судья ешуақытта жан баласына жамандық жасамауы қажет. Заң мен әділдік үйлескенде ғана кара қылды қақ жарасың.

Бүгінде ардагердің сот жүйесінде мол тәжірибесі мен ақыл-кеңесіне артынан ерген шәкірттері әлі де жүгініп жүр. Өзі тәрбиелеген судьялар еліміздің түкпір-түкпірінде абыройлы қызметте.

– Жеке басының қадір-қасиетімен көпке сыйлы, өз мамандығының білгірі Амангелді аға адал да абыройлы қызмет етіп қана қойған жоқ, жолын жалғастыратын шәкірттерді де тәрбиелей білді. Солардың бірі мен едім. Егер мейнен әріптестерім «тағдырдың

ұлкен сыйы не?» деп сұраса, «жақсы ұстаз кездестіру» деп айтамын. Өмір мені бұл сыйдан шет қалдырған жоқ. Судьялық еңбек жолымды 1993 жылы Сырдария аудандық халық сотының сол кездегі төрағасы Амангелді Әнуарбековтің қарамағында бастадым. Мен бірлерде, аға – істің адамы. Ол аз сөйлеп, көп нәрсені ұғындыра білді. Бәрін де жіті қадағалап, орын алған нәрсенің салдарымен қатар, оның бұл себебіне объективті баға бере отырып, шешім қабылдайтын. Ағамызға тән осы қасиеттер шәкірттеріне де дарып, одан үлгі алған заңгерлер де жақсы жетістіктерге жетіп жүр, – дейді Ұлытау облыстық сотының төрағасы Қайрат Адранов.

Ал Амангелді ағаның өзі белгілі заңгер әрі судья болған Қанат Бұтабаев, Жаксылық Аяпбергенов және Төлеухан Ғаниевті ұстаз тұтады. Оларды өмірінің көп бөлігін әділдіктің үстем болуына арнаған адам деп санайды.

– Мысалы, Төкен (Төлеухан Ғаниев) екеуміз 1980 жылы Бүкілодақтық сот қызметкерлерінің бір айлық арнайы оқуына барып, оны жоғары бағамен бітіріп, елге оралдық. 1989 жылы Шымкент қаласында өткен республикалық үлгілі соттардың тәжірибесін тарту және насихаттау туралы семинарға қатысып, өз жұмысымызды көрсеттік. Міне, осындай бірге жүрген уақытта одан үйренгенім көп. Бар түйгенім, ол – судья қызметін абыроймен атқарып, өнегелі де өрісті жолдан өткен қасиби маман. Төраға болған жылдары ол сот қызметкерлеріне қатаң да әділ талап қойып, не нәрсеге болсын, кең ауқымда объективті тұрғыдан қарап, қарапайымдылығын жоғалтпаған басшы ретінде танылды. Адам тағдырын шешуде заң жолынан таймады, – деп өзінен алдығын быын жайлы да сыр шертті ағамыз.

Амангелді ағаның сот жүйесіндегі көп жылғы еңбегі еш кетпеді. «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мемлекеттік медалімен, «Үш би» құрмет белгісімен марапатталды. Сондай-ақ ҚР Судьялар одағының

Құрметті мүшесі, Қазақстанның Құрметті заңгері. «Сот жүйесінің ардагері», «Мінсіз қызметі үшін», Бауыржан Моңышұлы атындағы «Батыр шапағаты» және ҚР Тәуелсіздігіне 10, 20, 30 жыл мерекелік медальдарын кеудеге тақты. ҚР Жоғарғы Сотының «Құрмет грамотасын» иеленді.

Ол зейнетке шықса да қоғамдық жұмыстан қол үзбеген. Соттармен іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің мүшесі. Сондай-ақ көп уақыттан бері облыстық соттағы ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін атқарып, сала дамуына әлі де үлес қосып келеді. Үлес қосқаны сол, әлі күнге дейін жас судьялар мен мамандар тәлім алу үшін ардагерді жағалайды.

– Жас судьяларға ұдайы мынаны ғана айтамын, – деді сөз соңында Амангелді аға. – Заңды біл. Өйткені, төрелік айтуға терең білім керек. Судьяның ең бірінші жұмысы – үлкен жауапкершілік және жоғары азаматтық парыз. Екіншіден, адамдығыңды жоғалтпа. Дүниеге құнықпа. Жалтақ болма. Өйткені, саған артылған сенімнің жүгі ауыр. Тым ауыр. Әділ үкім шығару – әр судьяның басты міндеті. Әр шешімнің артында адам тағдыры барын ұмытпауың керек. Қазір бізде заң маманы көп. Екінші бірі заңгер. Алайда, заңды орындап жатқан ешкім жоқ. Өйткені, бізде заңды сыйлау, оған бағыну кемі болып тұр. Осал тұсымыз да осы.

Сөз түйіні осы болды. Айтпақшы, сот саласында табан аудармай қызмет қылған, сонысымен сыйлы атанған ағаның зайыбы да құқық қорғау саласынан майор шенімен зейнетке шыққан. Сондай-ақ үш ұлы да заңгер. Әке жолын жалғастырып. Ал қазір ата-әже атанған Амангелді аға мен Рымжамал апа 11 немеренің қызығын көріп отыр.

Иә, қай салада да адал қызмет атқарған аға ұрпақ өкілдеріне құрмет зор. Облыстық сот тарихында орны бар Амангелді Әнуарбековтің ғұмыр жолы көпке үлгі болары анық. Біздің мақсат та ғибратты істі оқырманға жеткізу еді.

«Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификатының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы №434 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-9-тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 14-1-бабының 2-тармағына, 68 бабына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы №417 бұйрығымен бекітілген Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларының 4-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификатының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы»

Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы №434 шешіміне (Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 маусымда №7504 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы

Н.Байқадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы «_» _____ № _____ шешіміне қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 434 шешімімен бекітілген

Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесі

1. Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификаты Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік тұрғын үй құрылыс бағдарламасы шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарын пайдалана отырып, азаматтардың тұрғын үйді меншігіне алу құқығын іске асыру үшін бастапқы жарнасының 50%, бірақ 1 000 000 (бір миллион) теңгеден аспайтын мөлшерді құрайды.

2. Қызылорда облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылардың санаттарына:

- Ұлы Отан соғысының ардагерлері (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).
- Жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған.
- Жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған.
- Жас отандық ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).
- Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).
- 1 және 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар (жергілікті

атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).

- Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-14 бұйрығымен бекітілген аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26830 тіркелген).
- (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).
- Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).
- Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылды (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).

- Қандастар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).

- Экологиялық зиялалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).

- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).

- Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшыды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).

- Толық емес отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).

«Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшылығының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

№	А.Т.Ә.	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Ермеков Дінмұхамед Жандарбекулы	Басқарма басшысы	Жұма 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1-ғимарат	8(7242) 60 53 09
2	Қамзаев Бауыржан Олжабайұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Сәрсенбі 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1-ғимарат	8(7242) 60 53 09

ҚР ТЖМ Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті бастығының және орынбасарларының 2023 жылғы жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізген тұлғаның Т.Ә.Ж.	Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізген тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
ҚР ТЖМ Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті	Қайрабеков Руслан Сламбекулы	Департамент бастығы	дүйсенбі-сәрсенбі сағат 15:00-17:00	Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі, құрылыс 69	55-10-85
	Ибрагимов Нұрсұлтан Жаңабайұлы	Департамент бастығының орынбасары	сейсенбі-бейсенбі сағат 15:00-17:00	Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі, құрылыс 69	55-10-85
	Әбілқалимов Бекболат Қайырбекулы	Департамент бастығының орынбасары	сәрсенбі-жұма сағат 15:00-17:00	Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі, құрылыс 69	55-10-85

Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің тарапынан заңсыз іс-әрекеттер орын алған жағдайда Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Өзіндік қауіпсіздік және жеке құрам жөніндегі инспекция тобына 8(7242)70-03-15 телефоны арқылы жүгіне аласыз. Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің «Сенім телефоны» 8 (7242) 24-40-46.

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

Төрт пәтерге ұрлыққа түскен

Қызылордалық полицейлер 4 рет пәтерге ұрлыққа түскен, бұрын сотты болған 40 жастағы қала тұрғынын ұстады.

Күдікті үй иелерінің жоқтығын пайдаланып, үйдің пластик терезелерін сындырып, зергерлік бұйымдар, техникалық заттар, велосипед пен «Lenovo» ноутбүгін және ұялы телефондарды қолды еткен. Ұрланған заттарды бас пайдасына жаратып, сатып жібергені белгілі болды. Жалпы келтірілген материалдық және мүліктік шығын көлемі 1 миллион теңгеге жуықтайды. Күдікті азамат уақытша ұстау изоляторына қамалды.

Танысын бопсалаған

Қызылордада танысын қорқытып, бопсалаған күдікті қамауға алынды.

Полицияға 22 жастағы бікеш танысының өзін масқаралайтын мәліметтерді жария етемін деп қорқытып, бопсалағанын айтып, арызданды.

Аталған дерек бойынша Қызылорда облысы полиция департаменті ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері және Арал аудандық полиция бөлімі қызметкерлері бірлесіп, жедел-іздіктер жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде 28 жастағы облыс тұрғынын ұстады.

Күдікті уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды.

21 жастағы күдікті ұсталды

Қызылордалық полицейлер ұрлық және алаяқтық қылмысына күдікті деп танылған 21 жастағы азаматты ұстады.

Оқиға қала аумағындағы түнгі клубтардың бірінде болған. Күдікті пластик терезені сындырып, 5 калың аппаратын және бір қара түсті «Asus Netto» ноутбүгін ұрлап, оқиға орнынан бой тасалаған. Келтірілген

шығын көлемі – 750 мың теңге.

Сонымен қатар, күдікті танысының телефонын сұрап алып, банктің мобильді қосымшасын пайдалану арқылы 100 мың теңге көлемінде заттай несие рәсімдеп, қолма-қол ақшаға аударып алған.

Күдікті азаматқа қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілуде. Ол уақытша ұстау изоляторына қамалды.

Алтын алқа қолды болды

Қаладағы екі зергерлік дүкенде ұрлық дерегі тіркелді. Жәбірленушілер сауда жасап тұрған уақытта ұры оңтайлы сәтті пайдаланып, 2 алтын алқасын ұрлап кеткен. Келтірілген материалдық шығын – 300 мың теңге.

Қалалық қылмыстық полиция бөлімі қызметкерлерінің жедел әрекетінің арқасында бұрын сотты болған 29 жастағы Атырау қаласының тұрғыны ұсталды. Қазір аталған дерек бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілуде.

«СБ» ақпарат

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Хабарлама
 «№2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ-нің арыздануымен 1968 жылдың 10 желтоқсанында туылған Чирханова Зульфияны Қызылорда қалалық соты 2023 жылдың 21 шілдесіндегі ұйғарымымен қайтыс болды деп тану туралы іс қозғалғанын хабарлайды.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды
 Қызылорда қаласының жеке нотариусы Қосбергенов Мурат Қанірбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2021 жылдың 1 мамырында қайтыс болған азаматша Умиразова Кенжекейідің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 062 97 37.

БАЙҚАУ

Облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Көне ғасыр күмбірі» атты байқау өтті. Жыршы-термеші ардагерлер қатысқан бәйгенің берер өнегесі мол.



«Көне ғасыр күмбірі»

Әуелі ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев байқау шымдығын ашып, жыр-терменің қоғамдағы маңызына тоқталды. Бұдан соң ұлттық өнердің тәрбиелік мәнін дәріптеп жүрген қариялар сахна төрінде бақтарын сынап, «Дала өркенінің көне мәдениеті», «Ескірмейтін есті сөз» кезеңдері бойынша сайысқа түсті. Көрерменді сөз саптауымен баурап, ризашылығын алды. Жыршы Берік Саймағамбетов жүргізіп, белгілі жыршылар Рүслан Ахметов, Шолпан Битмбетова, Ақмарал Ноғайбаева қазылық еткен өнер бәйгесі тартысқа толы болды. Ойы мен тілі жүйрік жыршылар байқауында терменің киелі өлкесі саналған Қармақшы ауданынан келген қос термеші – Қ.Кәрібаев пен А.Асқарбаев оза шауып, жүзделі 1-2-орынды бөлісті. Үшінші орын Қызылорда қаласының өкілі А.Шобанбаева буйырды. Жүлдегерлер ардагерлер кеңесінің дипломы және қаржылы сыйлықпен марапатталды. Өзге қатысушылар да алғыс хат алып, ынталандыру жүлдесіне ие болды. Ұлттық өнерді дәріптеген байқау алдағы кезеңде де жалғасын табады.

«СБ» ақпарат

Сатира сардарына құрмет

Сейсенбіде Жаңақорған ауданындағы М.Көкенов атындағы мәдениет үйінде Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Шиелі ауданының құрметті азаматы Нұрмахан Елтайдың 70 жасқа толған мерейтойына арналған «Ауылдағы айтқыштары» облыстық сықақшылар байқауы өтті. Бұл шара Жаңақорған ауданының 95 жылдығына орайластырылды. Оны аудан әкімдігі мәдениет және спорт бөлімімен бірлесіп ұйымдастырды.

Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

Салтанатты шараны ашқан аудан әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов қарымды қаламгердің өмір жолы мен шығармашылығына тоқталды.

Ағамыз елдің ішінде жүріп, келенсіздік пен кемшілікті сын садағына түйреді. Қандай қызметте жүрсе де қолынан қаламын тастамай, оқырман қауымға сүбелі шығармаларын ұсынды. Журналистік қызметінде ауданның дамуына көп еңбек сіңірді. Игілікті істерді жария етіп, өткір проблемаларды назардан тыс қалдырған жоқ, – деді аудан әкімінің орынбасары.


Нұрмахан Елтай 1953 жылы 28 қыркүйекте ауданға қарасты Қандөз ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын «Түркістан» кеңсінде жазушы болып бастаған. Кейіннен жастар ұйымының жетекшісі, шаруашылық және ауыл әкімдігінде басшылық қызметтер атқарды. Аудандық «Жаңақорған тынысы» газетінің «Көк ине», облыстық «Сыр бойы» газетінің «Түрлі-түрлі бастар бар» сатиралық беттерін жүргізді. Ұзақ жылдар бойы облыстық «Сыр бойы» газетінің Жаңақорған және Шиелі аудандарындағы меншікті тілшісі болды. Бүгінде «Шарайна-Сейхун»



газеті арқылы көптеген мәселенің оңды шешілуіне атсалысып келеді. Сатира сардарының қаламынан «Жайма базар», «Қатырамыз», «Сүйінші дайындаңыздар», «Ауылдағы айтқыштар», «Қияға қонған қыран» секілді кітаптары оқырманға жол тартты. Салтанатты шара барысында Нұрмахан Елтайдың «Қандөз – құт мекенім» және «Сұңқарлар биікте самғайды» атты жана кітаптары оқырман көзіне алынды. Сондай-ақ, мәдениет үйінің фойесінде аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен «Қазақ журналистикасының қайраткері» атты кітап көрмесі кеңінен таныстырылды. Онда қаламгердің кітаптары, шығармалары, мақалалары және марапаттары қойылған. Сықақшылар сайысына Қазалы, Қармақшы, Шиелі және Жаңақорған аудандарынан өнерпаздар қатысты. Байқау қорытындысымен бас жүлде жаңақорғандық Балмұхаммед Әб-

жапбаровқа бұйырды. Ал қазылық Дәурен Ернарзоров бірінші орын алса, жаңақорғандық Тоқтар Әжімұрат екінші орынға ие болды. Қармақшылық Ғалымжан Шакиззада мен Шиеліден келген Айнуыр Ысқақова үздік үштіктен көрінді. Мәдени шарадан кейін еңбек ардагері Мадияр Ахметов қаламгер жайында ой бөлісіп, өз ұсынысын жеткізді. – Мәдени шарада ерекше көңіл-күйге бөлендік. Мен Нұрмахан Елтайды елу жылға жуық уақыттан бері білемін. Ол кісі қай кезде де белсенділігімен көзге түсіп, елдің, халықтың мәселесін көтерді. Аткарған жұмысы көпшіліктің көз алдында. Шаруашылықтағы, шығармашылықтағы қызметінде ауданның дамуына сүбелі үлес қосқанын айта кеткеніміз орынды болады. Сондықтан Нұрмахан Елтайға «Жаңақорған ауданының құрметті азаматы» атағын беру лайық деп санаймын, – деді ол.

Торғай өзеніндегі Сарыторғай өзенінің «Екі дің» елді мекенінің тұсында таяқ тастам жерде қысы-жазы өрттей алаулап, көзге ыстық көрініп тұратын қызыл күмбезді кесене бар. Қызғалдақтай қысқа құмырын ел бірлігі жолында құрбандыққа шалған аруға арналған бұл мазарды Батпаққара халқы «Дала Тәжі-Махалы» деп атайды. – Бір жолы Сәбит Мұқанов осы ауылда М.Қаратаевпен бірге болғанында әлгі қызыл кесенені көріп, керемет таңғалыпты. Аққоңыл Сәбег жанарына жас алып: «Мынау менің халқым сүйген Сұлушашымның мазары ғой. Мен Сұлушашты бекер жазбаған екенмін» деп кесененің қасында ойға шомған қалпы, үн-түнсіз ұзақ отырып қалыпты. Сарыторғайдың көусар суына шомылып өскен баламыз. Ауыл ақсақалдарынан бұл әңгімені талай естігенбіз. Көшекбай атамыз тәрзіді шешіре көкірек шалдар айтатын: «Сол күні-ақ дастарқан басында ақсақалдармен бас қосып, әңгімедүкен құрғанда Сәбег кесененің тарихын сурап, кеш бойы оның сырын шерткен едік» деп. Бұл өзі бір үзік сыр, – дейді Естелік-жазбасында Мақсұтбек Сәлімен.



Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі С.Мұқанов «Сұлушаштың мазары» деп бейнелі түрде қабылдап, ту еткен кесене – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қос батыры Лидебек пен Мырзәбектің туған қарындасы Бәтманың бейіті еді. Оны Төлек руынан Бейсен деген кісі салған болатын. Төлек руынан Алыстың үлкен қызы Бәтима, Наймандар ішінде Құтаннан тарайтын Сұлтан есімді ерге бесікте жатқанда-ақ айттырылып қойған екен. Қыз бойжетіп, енді ұзатылғалы отырғанда қайтыс

на бодау болып барайын, тек менің үш шартымды ата-анам мен ағайын-туыстарым орындайтын болсын, – дейді. – Үш шартының үшеуін де орындаймыз, – дейді Алыс пен Төлектің жақсы-жайсаңдары. – Онда тыңданыңдар, – дейді Қазине қыз. Менің бірінші шартым: Бәтима бұл өмірде қандай қуаныш-қызық көрді?! Аруағы риза болсын, ауыл іргесіне қызыл кірпіштен өріп, айшықты қызыл кесене тұрғызыңдар. Екінші шартым: Жәуке, Жәмеңке бір әкенің баласы болса да екі елдің адамдары бір-бірімен араз. Сондықтан да елді татуластырыңдар. Үшінші шартым: Жабайы көңінің тұсына 100 үй тігіп, бүкіл Төлек баласы болып, тойымды жасандар. Туған-туыстың татулығын көзбен көріп кетейін. Ағайыннан алыста жүргенде көңілім алаңдамасын. Мінекей, менің осы үш шартым орындалса, мен Бәтманың болауына баруға ризамын. Сірә қызының айтқан сөзі өзін терең толғандырып жіберсе керек, Алыс көпке дейін өз-өзіне келе алмапты. Сосын «Елдің басын біріктірейік» деп айтуға осы уақытқа дейін бүкіл ағайын-туыстың арасынан бір адамның шықпағанына қатты налып: – Еліміздің ер азаматы айта алмаған сөзді қызым, сен айттың. Мен саған ризамын, – депті. Іле орнынан тұрып келіп қызының маңдайынан сүйіпті. Сол күннен бастап Алыс ақсақал айшықты қызыл кесене тұрғызуға кіріседі. Мұны көрген ағайын-туыс кірпішін алып берсе те, Алыстың тәніне регіне жиналайық деп, көмек көрсетеді. Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Көп ұзамай ауыл іргесінде бұрын-соңды сол маңда болмаған күмбез-кесене бой

көтерелі. Алыс семіз ту бие сойып, Бәтманың аруағына бағыштап ас береді. Араз бол, тату бол, аруақтарға ас бергенде барлық ағайынның бір шаңырақ астында бас қосатыны ата-бабамыздан қалған салт емес пе?! Астан кейін Алыс ақсақал Жәуке, Жәмеңке ұрпақтарының жақсы-жайсаңдарының жинап алып, мәжіліс құрады. Ағайынды арадағы өкіп-ашуды ақылға жөндіріп, басы бүтін, іргесі мықты ел болуға шақырады. Бір атаның баласында бөле алмайтын не бар?! Жәуке, Жәмеңке ұрпағы төс түйістіріп, қайта татуласады. Келесі күні олар Жабай көңінің тұсына 100 киіз үй тігіп, Қазиненің ұзату тойын жасайды. – Қазине анамыз Бағаналы елінің Ақтас аталығына, оның ішінде Құтан тармағына келін болады. Келін болып түскен ортасы әкелі-бабалы, белгілі кісілер Шегірмен Әбәйілдың ұрпағы Сұлтан деген әкеміз еді. Сұлтан мен Қазине анамыздан Бибіш пен Сұханбетқали болса, олардан өріген ұрпақтар Жәкшібек Маханбетов ауылында көптеп тұрақтанған. Ақылды да данышпан, ер кісілермен денгейлес Қазине шешеміз 1964 жылы дүниеден өтіпті, – деп Жөнбайдың Мырзабегі де жазба қалдырған екен. Ақсөңке сүйектеріне дейін сыр жасырған Сыр жағасы тарихтың көмбесі секілді. Тектілік пен тәрбиенің асыл үлгісін көрсеткен ана бейнесі ел жадында. Дегенмен ұрпаққа үлгі боларлық қайсар қазақ қызының есімін жаңғырту мақсатында Қазине қызға көше атауы берілсе, орынды болар еді. Осындай танымға толы тарихты естіген есті жастар ойға шомып, бой түзері сөзсіз.

А.ӘДІЛЖАНҰЛЫ

Студенттер сергелдеңге түспей ме?

Себебі 2019 жылы Үкіметте «Білім беру мен ғылымды дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын» бекіту жайы сөз болған. Сонда студенттерді қамтамасыз ету үшін 2022 жылдың соңына қарай 75 мың орындық жатақхана пайдалануға берілетіні айтылыпты. Сол жылы 8 мың орындық жатақхана ашылған екен. Әйтсе де, 2020 жылы коронавирус пандемиясы басталып, студенттер онлайн оқыды да, жатақхана мәселесі енгімеге арқау болмай қалды. Ал 2021 жылдың қорытындысы бойынша 10 364 орындық 49 жатақхана салынған. Былтыр алғашқы 6 айда 1320 орындық қамтитын 6 жатақхананың құрылысы біткен. Демек, 2019-2022 жылдар арасында 20 мыңнан астам орындық жатақхана тұрғызылған. Сонда 75 мыңдық меже қайда қалды? Үкімет әрі кетсе жоспардың 30 пайызын ғана орындағанға ұқсайды. Дегенмен бұл меже кемі 50 пайыздық шектен асар еді. Оған пандемияның бір-шама зардабы тигені белгілі. Қазір елімізде 1 миллионнан астам студент бар. Биыл олардың қанша жатақханамен қамтылатыны өзгере белгісіз. Бір белгісі, 2021 жылы 1,1 миллион студенттің 174 мыңы, яғни 16 пайызына ғана жатақхана берілген екен. Осыған қарап-ақ жағдайды бағамдай беруге болады. Тапшылықтың барын ешкім де жасырмайды. Жылдағы әдет бойынша университеттер бірінші кезекте жатақханаға 1-курс студенттерін орналастырады. Содан кейін университет қабырғасында белсенділігімен көзге түскендерге орын тиеді. Қалғандарының үлгергені алып, үлгермегені қалады. Студент үйіне орналаса алмағандар пәтер жалдап тұруға мәжбүр болатыны даусыз. Бәрінің де қалада уақытша тұрақтайтын туысы бар дей алайсыз. Ал өңірдегі жағдай қандай? Біз облыстағы іргелі оқу орны – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің баспасөз қызметіне хабарласып, жаңа оқу жылына әзірлігін білдік. Олар берген ақпаратқа көз жүгіртсек, университет балансында төрт студенттік жатақхана бар: №1 (512 орын), №2 (73 орын), №3 (260 орын), №5 (400 орын) және №4 (60 пәтер) Ғалымдар үйі. Дегенмен қазір 512 орындық №1 жатақхана күрделі жөндеуден өткізу үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленген. Сонымен қатар жаңа оқу жылына №8 оқу ғимаратының 3-5 қабаттарынан 60 орындық жатақхана беру бойынша жұмыс атқарылууда екен. Студенттер саны жылдан-жылға артуына байланысты университет ұжымы жаңа оқу жылында әріптестік негізінде келісім-шарт арқылы «Қаржы орталығы» АҚ қаржыландырылатын «Өркеніст» және «Дилмаш» ЖШС-ның жатақханаларынан 437 орын пайдалануға келісім жасасқан. Сонымен жалпы жатақханалардағы орын саны 1230 болған. Университеттің баспасөз қызметі жатақханаға қабылдаудың 1 тамызда басталып кеткенін жеткізді. Десе де 1230 орын студенттер сұранысын толық өтей алмауы мүмкін.

Біз бұдан соң «Болашақ» университетіне де жай-күйді білмеке хабарласқан едік. Алайда bolashak-edu.kz сайтында боларлық қайсар қазақ қызының есімін жаңғырту мақсатында Қазине қызға көше атауы берілсе, орынды болар еді. Осындай танымға толы тарихты естіген есті жастар ойға шомып, бой түзері сөзсіз.

1-бет